

11 маусым 2025



Air Astana Terminal Services компаниясын тіркеу

Алматы, Казахстан —«Эйр Астана» АҚ («Компания» және оның еншілес кәсіпорны FlyArystan-мен бірге «Топ»), табыс пен әуе паркі көлемі бойынша Орталық Азия мен Кавказ аймағындағы ең ірі әуе компаниялар тобы, Air Astana Terminal Services ЖШС («Air Astana Terminal Services») толық еншілес компанияның тіркелуі 2025 жылғы 4 маусымда аяқталғаны туралы хабарлайды.

Air Astana Terminal Services негізінен жерде қызмет көрсетуге және соған байланысты қосалқы қызметтерге бағытталған болады. Жаңа еншілес кәсіпорынның құрылуы Топтың екі брендінің дамуына ықпал етеді, операциялық тиімділікті арттырады және басқа авиакомпанияларға кең ауқымды қызмет көрсету арқылы жаңа кіріс ағындарын құруға мүмкіндік береді. Жаңа кәсіпорынның қызметі бастапқыда Топтың Алматыдағы негізгі хабында шоғырланады, кейіннен басқа қалаларға кеңейеді және тіркелген еншілес ұйымда қызметтердің кең спектрін енгізіледі.

Жаңа еншілес кәсіпорын тек Топ үшін ғана емес, сонымен қатар Қазақстандағы жерде қызмет көрсету секторын одан әрі дамыту үшін қомақты инвестиция болып табылады. Бұл негізгі шығындарды ішкі басқару және оларды біртіндеп пайда орталықтарына айналдыру арқылы операциялық тиімділікті арттыру бойынша Топтың стратегиясын іске асырудың келесі кезеңі.

Қосымша ақпарат алу үшін төменде контактілер бойынша хабарласуыңызды сұраймыз:

Air Astana

Инвесторлармен байланыстар
жөніндегі қызмет

investor.relations@airastana.com

Air Astana

Корпоративтік
коммуникациялар
жөніндегі департамент

media@airastana.com

Vigo Consulting

Инвесторлармен байланыс
және PR жөніндегі кеңесші

airastana@vigoconsulting.com

Air Astana компаниялар тобы туралы

Air Astana компаниялар тобы Орталық Азия мен Кавказ өңірлеріндегі кіріс көлемі мен әуе кемелер саны бойынша ең ірі әуе тасымалдаушы топ. Компания 61 әуе кемесінен тұратын флотты басқарады, ол 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған толық қызмет көрсететін Air Astana әуе компаниясы мен 2019 жылы құрылған бюджеттік FlyArystan әуе компаниясына бөлінген. Компания тұрақты, тіке және транзиттік, қысқа және ұзақ қашықтықтағы жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асырады. Маршруттық желісі Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропаны қамтиды. Air Astana Skytrax рейтингі бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы ең үздік әуе компаниясы атағын 13 мәрте иеленді және қатарынан 8 рет Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік әуе компания қызметі марапатына лайық танылды. FlyArystan екі рет Skytrax сыйлығы бойынша Орталық Азия мен ТМД-дағы ең үздік бюджеттік әуе компаниясы атанды. Сонымен қатар, Air Astana Airline Passenger Experience Association (APEX) тарапынан ірі әуе компаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие болды. Компания Қазақстан қор биржасында (KASE), Астана халықаралық биржасында (AIX) және Лондон қор биржасында (LSE) AIRA тикерімен листингке енгізілген.